

**«Қарағанды қаласының білім белімі» мемлекеттік мекемесі мен  
Жараланғы қаласын жөндеудің қарастыруындағы мемлекеттік мекеме  
(ведомстволық базынысты кәсіпорын)  
арасындағы кадр саясатындағы меритократия қағидаларын бекіту  
жөніндегі шекті келісім**

Жараланғы қаласын жөндеудің қарастыруындағы мемлекеттік мекеме  
ведомстволық базынысты кәсіпорын)  
мемлекеттік мекеме  
шектебі "КМДК"  
ведомстволық базынысты үйым

бұдан әрі Тараптар ретінде, меритократия қағидаларына бейілділік білдіре отырып, мемлекеттік кәсіпорының кадрлық әлеуетін сақтау және дамыту үшін жағдай жасау қажет екеніне иланғандар, мемлекеттік кәсіпорын қызметінде сыйайлар жемқорлыққа және непотизмге жол бермеуге ұмтыла отырып, төмендегімен келісті:

Бос лауазым бар болған жағдайда, коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын конкурс өткізу туралы хабарландыруды интернет-ресурстарда құжаттарды қабылдаудың аяқталу күніне дейін екі апта бұрын орналастырады;

Конкурс өткізу туралы хабарландыру мынадай мәліметтерді қамтиды:

- 1) бос лауазымның атауы;
- 2) мемлекеттік кәсіпорын атауы, орналасқан жері, пошталық мекен-жайы, телефоны;
- 3) құжаттарды қабылдау аяқталатын күні мен уақыты;
- 4) тиісті саланың үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес анықталатын конкурсқа қатысушыларға қойылатын негізгі талаптар;
- 5) конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар тізбесі.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалар мемлекеттік кәсіпорын басшысының атына өтініш (еркін нысанда) жазады.

Өтінішке конкурсты өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген құжаттар қоса беріледі.

Мемлекеттік кәсіпорында жұмыс істеп жүрген қызметкерлерге де конкурсқа қатысуға рұқсат етіледі.

Конкурсқа қатысушы білімі, кәсіптік деңгейі жайлы қосымша ақпарат, сондай-ақ жұмыс тәжірибесі мен біліктілігін растайтын құжаттарды ұсынуға құқылы.

Конкурс келесі кезеңдерден тұрады:

- 1) мемлекеттік кәсіпорының бос лауазымына орналасатын үміткерлердің өтінімдерін қарастыру;
- 2) үміткерлермен әңгімелесу жүргізу (оның ішінде көпсатылы эссе жазу, кейстерді шешу және т.б.);
- 3) конкурстың қорытындыларын шығару.

Конкурсқа қатысушылар мен кандидаттар өздеріне қатысы бар белгінде конкурс құжаттарымен таныса алады, сонымен қатар Қазақстан

Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен конкурстың нәтижесіне шағымдануға құқылы.

Осы шекті келісім Тараптар арасында қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және орындалуға міндettі.

Осы келісімді іске асыру үшін коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын қол қойылған күннен бастап бір ай мерзім ішінде тиісті ішкі актілерді қабылдайды.

Шекті келісімдердің орындалуын бақылау Р.А. Кенешова («Қарағанды қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысының м.а.) жүктеледі.

Шекті келісімге 2018 жылдың «2» сүйр қол қойылды.



«Қарағанды қаласының білім бөлімі»  
ММ басшысының міндетін атқаруышы

Р.А.Кенешова

(қол қоюы)



Коммуналдық мемлекеттік қазыналық  
кәсіпорын Нұрлан Кілік

директоры

(қол қоюы)

атауы

Алесеға А. С.

(ТАЖ)